

Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің жекелеген кәсіпорындарын қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 17 қарашадағы N 1132 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің "Гүлдер" ансамблі", Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің "Қазақконцерт" мемлекеттік гастрольдік-концерт бірлестігі" және Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің "Республикалық және халықаралық мәдени бағдарламалар дирекциясы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындары жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын "Қазақ әуендері" акционерлік қоғамына (бұдан әрі - Қоғам) қосылу жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Қоғам қызметінің негізгі мәні Қазақстан Республикасының азаматтары - өскелең ұрпақты эстетикалық және адамгершілікке тәрбиелеуге бағытталған қазақ халықтық музыкалық-поэзия шығармашылығының шығармашылық жетістіктерін, қазіргі заманғы сазгерлердің туындыларын, әлем мәдениетінің үздік үлгілерін насихаттау болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігімен бірлесіп, белгіленген тәртіппен:

1) Қоғамның жарғысын бекітуді және оны Қазақстан Республикасының әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді;

2) Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігіне Қоғам акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқықтарын беруді;

3) осы қаулыны іске асыру жөніндегі өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

4. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң

2005 жылғы 17 қарашадағы
N 1132 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

2. "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі, N 405 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

"Астана қаласы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 21-66-жолмен толықтырылсын:

"21-66. "Қазақ әуендері" АҚ".

3. "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысында:

көрсетілген қаулыға қосымшада:

"Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетіне" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 224-25-жолмен толықтырылсын:

"224-25. "Қазақ әуендері" АҚ".

4. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 23.09.2014 № 1003 қаулысымен.**

5. "Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 маусымдағы N 563 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2005 ж., N 23, 293-құжат):

1-тармақтың 4) және 7) тармақшалары алынып тасталсын.